

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 06/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 25/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 сәуірде № 6310 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 16/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 17.03.2022 № 16 /01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 06/01 "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6170 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2, 3 қосымшалары осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 сәуірдегі
№ 25/01

қаулысына 1 қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2021 жылғы 21 қаңтардағы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері					
	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)				
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Жарты күн болатын шағын орталықтар	10,5 сағаттық режимде болатын түзету топтары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар топтар (инклюзия)	10,5 сағаттық болу режимі бар туберкулез интоксикациясы бар балалар тобы
Ауыл	12 806	38 177	34 824	10 922	78 434	68 235
Қала	40 087	37 847	29 336	8 178	65 242	52 458
Барлығы	52 893					

Қарағанды облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 сәуірдегі
№ 25/01
қаулысына 2 қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2021 жылғы 21 қаңтардағы
№ 06/01 қаулысына
3 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)				
	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері				
	Тәрбиеленушілер саны	Бөбекжай/ 10,5 сағаттық жұмыс режимі бар балабақша (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	10,5 сағаттық жұмыс режимі бар шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Мемлекеттік тапсырыспен жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	9 сағаттық жұмыс режимі бар шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)
Абай ауданы	2112	9 000/10 000	9 000/10 000	9 000/10 000	9000/10 000
Ақтоғай ауданы	564	12000//12500			-/6600
Балқаш қаласы	3137	11000/14200	11000/14200	11000/14200	
Бұқар жырау ауданы	1924	11000/12000	11000/12000	11 000/12000	
Жаңаарқа ауданы	1829	12500/13500	12000/13000	12500/13500	8000/8500

Жезқазған қаласы	3238	9800/11800	9800/11800	9800/11800	
Қарағанды қаласы	18141	13000/14000	13000/14000	13000/14000	
Қаражал қаласы	705	6000/7000	6000/7000		
Қарқаралы ауданы	1369	9070/9900			4300/4500
Нұра ауданы	1547	11000/11500			8000/8500
Осакаров ауданы	1412	10714/11440	8706/9675		
Приозерск қаласы	611	12600/14200	12600/14200		
Саран қаласы	2170	11000/14000	11000/14000	11000/14000	
Сәтбаев қаласы	3159	12000/13000	12000/13000	12000/13000	
Теміртау қаласы	6494	13000/14000	13000/14000	13000/14000	
Ұлытау ауданы	563	9000/10000	9000/10000		4000/5000
Шахтинск қаласы	2432	11500/13500	11500/13500	11500/13500	
Шет ауданы	1486	8 800/9 800	8 800/9 800	8 800/9 800	
Барлығы	52893				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК